

мамандығына байланысты кәсіби мәселелерді шешу, білім және іскерлік деңгейін көтеру сияқты құзыреттілігімен анықталады [5].

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: ЮРИСТ, 2012. -264 б.

2. Әлмұханова Х.Т., Бейсебаева П.С.Құзіреттілік –кәсіби маман даярлаудың басты сапасы. - // http://www.rusnauka.com/15_APSN_2011/Pedagogica/2_85259.doc.htm

3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2008. -30-32-б.

4. Вербицкий А.А.Компетентностный подход: проблемы и условия реализации. // Инновационные проекты и программы в образовании. – 2009. – №2.

*Мақсұт З.Қ.
ТТТuТ-13 қ/т студенті,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Шақтай А.Қ.
№41 мектептің оқушысы
Ғылыми жетекші: №41 мектептің мұғалімі
Шақитаева С.Б.*

КӨЛІКТІК ЛОГИСТИКА, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖҮКТІ ЭКСПЕДИЦИЯЛАУ

Логистика - клиенттердің немесе корпорациялардың талаптарын қанағаттандыру үшін бастапқы нүкте мен жеткізу нүктелелерінің арасындағы ресурстар ағымын басқаруды білдіреді. Логистика ұғымы ақпарат, тасымалдау, мүліктеу, қоймалау, қаптамалау және қауіпсіздік сияқты құраушылардың бірлесуін қамтиды.

Логистика қазіргі экономикалық түсінік бойынша материалдық, қаржылық және ақпараттық ағымдармен көтере

сатып алу, жабдықтау, тасымалдау, материалдарды, өнімдерді кәсіпорында ағымдар қозғалысын оңтайландыру мен шығындарды азайту мақсатымен бір кәсіпорын көлемінде болсын, бірнеше кәсіпорындар тобы көлемінде болсын өндіру, өткізу және олармен қатар жүретін қызметтерді реттеуді стратегиялық басқару (менеджмент) туралы ғылым. Компанияның қызмет ерекшелігіне қарай түрлі логистикалық жүйелер қолданылады.

Термин бастапқыда интендантты Қарулы күштер қызметінде пайда болды. «Логистика» терминінің өзі «есептеу өнерін» білдіретін грек тілінің *λογιστική* сөзінен шыққан. Византия императоры Арыстан VI (865—912) әскери шеберлік бойынша трактатында алғаш рет қолданылады.

Византия империясында император сарайында міндеттеріне тамақ өнімдері бөлу кіретін «логистиктер» болды. Наполеонның өз әскерінде логистикалық ұстанымдарды қолданғаны туралы мәліметтер бар. [1. б.14-15]

Көлік логистикасының негізгі түсініктерін ашу; Лицензияның түрлері мен формаларын, жүк экспорты мен импортты лицензиялау ережелерін қарастыру; Ішкі және сыртқы көлік нарығындағы жүктерді экспедициялау, жүк жөнелтушілер және жүк қабылдаушыларға көлік-экспедициялық қызмет көрсету тәралы түсінік беру және қарастыру.

Жалпы осы пән 3 модульден тұрады:

- Көліктік логистика – 10 сабақ;
- Жүктерді лицензиялау мен олардың негізгі ұстанымдары – 8 сабақ;
- Көліктік-экспедициялық және агенттік қызметтік көрсетудің негізгі ұстанымдары – 8 сабақ.

Пәннің «Көліктік логистика» және «Көліктік-экспедициялық және агенттік қызметтік көрсетудің негізгі ұстанымдары» модульдері «Жүктік және коммерциялық жұмысты басқару және ұйымдастыру» пәнімен, ал «Жүктерді лицензиялау мен олардың негізгі ұстанымдары» модулі «Стандарттау, сертификаттау және метрология» пәнімен байланысы бар.

Логистика бұл экономика ғылымның бір бөлігі. Логистика – қойылған мақсаттарға жету үшін әр түрлі көлемді жүйелерде материал және қызмет ағынын (осы ағындармен бірге ақпараттық

және қаржылық ағын жүреді) тиімді ұйымдастыруын және басқаруын зерттейтін ғылым.

Қазіргі кезде логистиканың бірнеше түрі бар:

- ✦ Көліктік логистика (автокөліктік логистика);
- ✦ Қойма логистикасы;
- ✦ Коммерциялық логистика;
- ✦ Ақпараттық логистика;
- ✦ Маркетингтік логистика;
- ✦ Сатып алу логистикасы;
- ✦ Өндіріс логистикасы;
- ✦ Өнеркәсіптік логистика;
- ✦ Өткізу немесе тарату логистикасы.

Көліктік логистика – жүкті тасымалдауды тиімді ұйымдастырудың жүйесі, яғни материалдық бұйымды, затты, жүкті бір нүктеден екінші нүктеге тиімді маршрутпен жеткізу.

Тиімді маршрут дегеніміз жүкті қысқа мерзімде минималды шығынмен жүктің толық сақталуы қамтамасыз етіліп тасымалданылатын маршрут.

Лицензиялау - лицензияларды беруге және қайта ресімдеуге, лицензиаттардың тиісті талаптарды сақтауын лицензиарлардың бақылауды жүзеге асыруына, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға және қайта бастауға, лицензиялардан айыруға байланысты іс-шаралар кешені.

Бір кәсіптік қызметті бастау үшін, әр компания мемлекеттік талаптарға, стандарттарға, нормаларға сай екендігін дәлелдейтін құжатты, яғни лицензияны алады.

Лицензия – тиісті лицензиардың жеке немесе заңды тұлғаға қызметтің жекелеген түрімен айналысуға беретін рұқсаты.

Лицензияны беретін және лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды лицензиар деп атайды.

Ал лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғаны лицензиат деп атайды.

Жүкті экспедициялау дегеніміз жүк жөнелтуші (ЖЖ) мен жүк қабылдаушыға (ЖК) жүкті бір орыннан екінші орынға көлікпен тасымалдау бойынша қызмет көрсету. Экседиторлық

қызметті арнайы көліктік-экспедиторлық ұйымдар, яғни экспедиторлар атқарады.

Экспедитор ол сіздің жүгіңізді сізден алғаннан бастап, ЖҚ-ға тапсырғанға дейін операцияларды орындайды.

Егер жүк ЖЖ-сі қоймасының есігінің алдынан алынған жүк, ЖҚ-ның есігінің алдына жеткізген болса, экспедиторлық қызмет идеалды жағдайда орындалды деп есептелінеді. Бұл идеалды қысқаша айтсақ, «есіктен есікке» немесе орысша «от двери до двери».

Яғни сіз көліктік-экспедициялық қызмет көрсеткіңіз келсе, сіз бірінші лицензиялаудан өтуіңіз керек, содан соң өзіңіз жұмысыңызды тиімді жоспарлап ұйымдастыруыңыз керек. Содан соң сіз ЖЖ-лерге экспедиторлық қызмет көрсетесіз. [2. б.32-33]

Лицензиялау – логистика – экспедициялау

Логистиканың 7 қағидасы:

- ❖ ӨНІМ – тағайындалған және таңдалған өнім
- ❖ САПА – нормаларға сай сапа
- ❖ МӨЛШЕР – тағайындалған және таңдалған мөлшерде
- ❖ УАҚЫТ – белгіленген уақытта
- ❖ МЕКЕН – белгіленген мекен-жайға
- ❖ ШЫҒЫНДАР – минималды шығынмен
- ❖ ТҰТЫНУШЫ – белгіленген тұтынушыға

Логистика жұмысының мақсаты орындалды деп есептелінеді, егер тағайындалған өнім, нормаларға сай сапада, тағайындалған мөлшерде, белгіленген уақытта, белгіленген мекен-жайға, минималды шығынмен, белгіленген тұтынушыға жеткізілсе

Белгілі логисттар және ғалымдар айтады, біз тұтынушыларға төмен бағаны беру үшін, біз өзіміздің жұмысымыздың шығынын азайтуымыз керек.

Тауардың өзіндік құнының үштен бір бөлігі тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды. [3. б.29-30]



Сурет 1. Жүкті жеткізу схемасы

Көліктік логистика – тауар қозғалысы кезінде материал ағынын тиімді басқаруды және ұйымдастыруды зерттейтін ғылым. Яғни, жүктің шикізат күйінен тұтынушыға дейін жеткізуімен айналысады.

Көліктік логистика – жүкті тасымалдауды тиімді ұйымдастырудың жүйесі, яғни материалдық бұйымды, затты, жүкті бір нүктеден екінші нүктеге тиімді маршрутпен жеткізу.

Тиімді маршрут дегеніміз жүкті қысқа мерзімде минималды шығынмен жүктің толық сақталуы қамтамасыз етіліп тасымалданылатын маршрут.

- Қызметі. [4. б.61-63]

Жоспарлау – алдыңғы уақытта болатын жұмысты алдын-ала жоспарлау

Ұйымдастыру – берліген жоспар бойынша жұмысты ұйымдастыру

Кесте 1 Көлік типін тандау

Көлік типін тандау кезінде әсер ететін факторлар	Жеткізу мерзімі	Жүкті жіберу жиілігі	Берілген жоспарға сай жұмыс істеуі	Әмбебаптылығы	Географиялық тұрғыда қол жетімділігі	Тасымалдау құны
Теміржол	3	4	3	2	2	3
Су көлігі	4	5	4	1	4	1

Автомобиль	2	2	2	3	1	4
Құбыр	5	1	1	5	5	2
Әуе	1	5	3	4	3	5

Бақылау және тексеру – жоспар бойынша жұмыстың орындалғандығын тексеру

Ақпараттық қамтамасыздандыру – жүйенің барлық элементтерін бірыңғай ақпаратпен қамтамасыздандыру

Көліктік логистика – жүкті тиімді жеткізуді ұйымдастыратын жүйе. Осы жүйе тиімді қызмет көрсету үшін оның бірнеше міндеттері бар:

- ❖ Көліктің типін таңдау
- ❖ Көліктік құралдың түрін таңдау
- ❖ Өндірістік және қоймалық операциялармен көліктік үрдістерді байланыстырып жоспарлау
- ❖ Басқа көлік түрлерімен көліктік үрдістерді байланыстырып жоспарлау
- ❖ Жеткізудің тиімді маршруттарын анықтау
- ❖ Тасымалдау төлемақысын анықтау.[5. б.45-53]

Әдебиеттер:

1. Жанбыров Ж.Ғ. Авакөлік логистикасы негіздері. Алматы, 2015
2. Смехов А.А. Введение в логистику. – М.: Транспорт, 2003.
3. Транспортная логистика: Учебное пособие. – М.: Бранусс, 2006.
4. Гаджинский А.М. Основы логистики: Учебное пособие. – М.: ИВЦ Маркетинг, 2006.
5. Логистика: Учебное пособие /Под ред.Б.А.Аникина. – М.: ИНФРА-М, 2009.